

Селодағы экономикалық реформаларды тереңдету және дәрменсіз ауыл шаруашылығы ұйымдарын қаржылық сауықтыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 25 ақпандағы N 45

Селодағы экономикалық реформаларды тереңдету және дәрменсіз ауыл шаруашылығы ұйымдарын қаржылық сауықтыру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 ақпандағы N 139 P980139_ қаулысын іске асыру мақсатында :

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігімен келісім бойынша бір апталық мерзім ішінде "ауыл шаруашылығында экономикалық реформаларды жүзеге асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 ақпандағы N 139 қаулысына сәйкес оларға қатысты экономикалық ынталандыру шаралары қолданылатын ауыл шаруашылығы ұйымдарының үш тобын айқындаудың өлшемдерін бекітсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен :

қаржы органдарымен келісім бойынша, берілген өкілеттіктердің шегінде және ауыл шаруашылығы ұйымдарының экономикалық және қаржы жағдайына талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының ұсынымдарын ескере отырып, екінші топқа жатқызылған және қаржылық оңалту мен санациялау рәсіміне жататын ауыл шаруашылығы ұйымдарына салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді кейінге қалдыруға р ұ қ с а т е т с і н ;

бюджеттік және бюджеттік емес қорлардың алдында берешегі бар дәрменсіз ауыл шаруашылығы ұйымдарының мүліктеріне иелік жасауды шектеуді қамтамасыз етсін;

ауыл шаруашылығы ұйымдарының қаржы-экономикалық жағдайына талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының ұсынысын ескере отырып және тендердің негізінде бірыңғай технологиялық желіні (жабдықтар мен техникалардың кешенін) сақтау арқылы ауыл шаруашылығы ұйымдарының осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген мүлкін сатуды қамтамасыз етсін;

"Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамымен бірлесіп :

бюджеттік және бюджеттік емес қорлардың алдында берешектері бар дәрменсіз ауыл шаруашылығы ұйымдарының мүлкін сатуды тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдасын ;

дәрменсіз ауыл шаруашылығының мүлкін сатып алушыларға бір жылдан аспайтын мерзімге көрсетілген кейінге қалдыруды сатып алушылардың жеке шоттарында

көрсету арқылы олар сатып алған мүліктің құнын бюджетке төлеу жөнінде мұрсат берсін.

3. Облыстар мен аудандардың әкімдері тоқсан сайын ауыл шаруашылығы ұйымдарының жұмыстарына және өндірісті қалпына келтіру жөніндегі олар өздеріне алған міндеттемелердің орындалу барысына талдау жасасын.

4. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

Премьер - Министр